

"Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі міндетін атқарушының 2002 жылғы 12 ақпандағы № 32 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 69 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 5 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5691 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 75 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2012.05.31 № 75 бұйрығымен.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 1148 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі міндетін атқарушының 2002 жылғы 12 ақпандығы № 32 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 22 қарашада № 3938 тіркелген, 2005 жылғы 2 желтоқсандағы № 160-161 (785) "Заң газетінде" жарияланған) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы № 286 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен "Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің міндетін атқарушының 2002 жылғы 12 ақпандығы № 32 бұйрығына (бұдан әрі - Бұйрық) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетіне жүктелсін".

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізудің Ережесінде:

2 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемдегі ", ақпарат және спорт" деген сөздер "және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке және занды тұлғалардың (бұдан әрі – Үміткер) конкурсқа қатысу туралы өтінімдерін қарауды және жеңімпазды айқындау бойынша шешім қабылдауды Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған Қазақстан Республикасында Жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады."

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігіндегі "оның өтуінен 30 күн" деген сөздер "оны өткізу күніне дейін отыз күнтізбелік күн" деген сөздермен ауыстырылсын;

4), 5) тармақшалар алынып тасталсын;

5 - т а р м а қ алынып тасталсын;

7-тармақтағы "10 (он)" деген сөздер "он" деген сөзben ауыстырылсын;

8-тармақтағы ", ақпарат және спорт" деген сөздер "және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

14 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өтінім әрбір радиожиілік бойынша жеке ұсынылады (1-қосымша);";

3) т а р м а қ ш а д а :

"мемлекеттік тіркеу туралы" деген сөзден кейін "(қайта тіркеу)" деген сөзben толықтырылсын және ", бұқаралық ақпарат құралдарының есепке алынғандығы туралы куәлігі" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші абзац "куәландыратын" деген сөзден кейін "және кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын раставтын" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген құжаттар уәкілетті органға желімделген конвертте тігілген түрде, нөмірленген беттерімен және соңғы беті оның қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін егер осындағ болса) расталып ұсынылады. " ;

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Үміткерлердің өтінімдерін қарау, сондай-ақ конкурстың жеңімпазын анықтау конкурсты өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген әрбір радиожиілік бойынша жүзеге асырылады.

Егер конкурсқа бір ғана Үміткер қатысуға жіберілген болса, онда радиожиілік жөніндегі конкурс өткізілмеген болып танылады.

19. Радиожиіліктің нақты номиналдарын пайдалана отырып жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын иелену үшін өткізілген конкурстың

жөнгөмпаздары комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы айқындалады.

Үздік шығармашылық, техникалық және қаржылық ұсыныстар берген қатысуышы конкурстың жөнгөмпазы деп танылады.".

atalған Ережеге 1-қосымшаның 4-тармағы алынып тасталсын;

atalған Ережеге 2-қосымшаның "Қаржылық ұсыныстар" тарауындағы үшінші және төртінші абзацтар алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мемлекеттік мұрағат комитеті:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты тіркеуді;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

M. Құл-Мұхаммед

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК